

ШҚО мәдениет басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы» КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық

«ҚАЗАҚ
ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
КӨСЕМІ»




(9-11 сынып оқушыларына арналған
әдебиеттердің ұсыныс тізімі ұсынамыз)

Өскемен қаласы, 2022



Tip el - bip kiman



Ардақты оқырман! Биыл, **2022 жылы** «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жалпы оқу үшін Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдері мен қанатты сөздерінің жинағы ұсынылды. 2022 жылы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы енгізілді.

Назарларыңызға ақын, мемлекет қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, аудармашы, ағартушы, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, Алаш-Орда партиясының мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған **«Қазақ зиялыларының көсемі»** атты әдебиеттердің ұсыныс тізімі ұсынамыз.

Бір ғана ұсыныс тізім арқылы ұлы тұлғаның шығармашылығымен түгелдей таныстыру мүмкін емес.

Сондықтан оқырмандарды Ахмет Байтұрсыновтың қысқаша өмірбаянымен таныстыра отырып, кітапхана қорындағы шығармалары мен мерзімді басылым бетінде жарияланған мақалалар тізімін ұсынамыз.

Әдебиеттердің ұсыныс тізімі бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, төмендегі мекен-жайға хабарласуларыңызға болады:

*Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы,
Ақпараттық-библиографиялық орталық.*

ӨМІРБАЯНЫ мен ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көл жоқ, көгалы жоқ - қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
А.Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлының осы өлең жолдары оның бүкіл өмірінің эпиграфы іспеттес. Ол – ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым...

Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.

Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, журналист, көсемсөз шебері, әліппенің атасы... Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы, қасиеттерінің бірі оның қоғамдық - саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады.

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы, қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы лингвист, мысалшы, «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі шығарушысы, бас сарапшы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5-қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Торғай өңірі Сарытүбекте дүниеге келген.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Ал әкесінің інісі – Ерғазы кішкентай Ахметті Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға берген.

Тоғыз жасында орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. 1895 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен «Бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақты алып шығады.

1895 жылы жас Ахметтің оқытушылық қызметі басталады. 1909 жылға дейін ол Ақтөбе, Қостанай мен Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде сабақ беріп, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші мен оқытушы қызметін қоса атқарып жүрді.

Омбыда екі жыл бойы Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымында жұмыс істеді.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. Өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербор, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк т.б қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де, шағын да, кедей де ортадан шыққандар болғанымен, едәуір білім алғандарының көбі әкімшілік, сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болды. Ахмет Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу - білімнен кейін де, қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы – халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық еткен тәжірибелі жан. Сонымен қатар, ол – оқу-ағарту ісін жолға қою үшін қажет өзге де іс-әрекеттерді қолға алған қайраткер. Бұл іс-әрекеттер: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жасау, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып қана емес, ғалым-ағартушы болып та көрінді. Ол қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде қазақ тілінде тұңғыш баяндаушы ғалым.

ЖЕТІСТІКТЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды;

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекіткен;

1919 жылы наурызда Ахмет Байтұрсынұлы Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды;

Ахмет Байтұрсынұлы Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды;

Байтұрсыновтың ықпалымен Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды;

1920 жылы Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады;

Қазревком мүшесі ретінде Қазақстан - Ресей шекарасын бекіту ісіне белсенді түрде араласты;

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды;

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары қызметін атқарды;

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды.

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады.

Бұл жинаққа «Маса», «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі», «Адамдық диканшысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты төлтума өлеңдерімен қатар Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.М.Надсон сияқты Ресей, Еуропаның ақындарының өлеңдерінен аудармалар мен автордың үш мысалы енген екен.


Ахмет Байтұрсынұлы Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-

терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» және тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны танытады.

Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруға зор үлес қосты. Қазақтың «Ер Сайын» атты эпостық жырына алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 жылы Мәскеуде шығарды.

Бұдан бөлек, қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады.

Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Автор әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР:



Кітаптардан:

Ахмет Байтұрсынұлы // Қазақ халқының тарихи тұлғалары: қысқаша анықтамалық. 1-кітап. Ғұлама ойшылдар, қайраткерлер, ғалымдар / құраст. Ә. Көпіш. - Алматы, 2015. - 304 б.

Байтұрсынов, Ахмет // Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық / жауапты ред. Б. Шаханұлы. - Алматы, 2009. -Б. 82-83.: порт.

Байтұрсынов, Ахмет // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы. - Алматы, 2004. -Б. 70.: порт.

Байтұрсынов, Ахмет // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. 2-т. Ә - Г. / ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1999. - Б. 72-76.

Байтұрсынов, Ахмет // Оқушы анықтамасы : 5-11-сыныптар. 1-кітап. Қазақ тілі. Қазақ әдебиеті. Қазақстан тарихы. География / құраст. Б. Қ. Қапасова; пікір жазған С. Т. Елікбаев ; ред. Қ. Қараева. – Астана, 2008. – Б. 47.

Байтұрсынов, Ахмет // Ұлттың рухани көсемі=Герой своего времени : а. Байтұрсыновтың туғанына 135 жыл: библиогр. көрсеткіш / ред. Т. Кенесары; құраст. Ф. Я. Имашева. - Алматы, 2008. - 52 б. - Кітап қазақ және орыс тілінде.

Мерзімді басылымдардан:



Ағартушы тұлғалар // Білім=Образование. - 2008. - №2 . - С. 53-57.

Ақыш, Нұрдаулет. Ұрпаққа үлгі ұлағат / Н. Ақыш // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 24 ақпан (№38). - Б. 13. : ил.

Әбдіқалық, Күнімжан. Ахмет Байтұрсынұлы және "Маса" : сын / К. Әбдіқалық // Қазақ әдебиеті. - 2015. - 9 қазан (№39). - Б. 12

Әнес, Ғарифолла. Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсын / Ғ. Әнес // Ана тілі. - 2017. - 26 қаңтар (№4). - Б. 2.

Әнес, Ғарифолла. Ұлттың ұлы ұстазы / Ғ. Әнес // ANA TILI. - 2020. - 10-16 қыркүйек (№36-37). - Б. 4 : портр.

Әнесұлы, Жұмат. Жүз жылға созылған қуғын немесе ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туыстары мен өзінің қиын-қыстау жылдардағы тағдыры туралы тарихи хикаят / Ж. Әнесұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 3 ақпан (№23). - Б. 11. : ил.

Бағытжанова, Айсана. «Ахмет Байтұрсынов - қазақ руханиятының көсемі» / А. Бағытжанова // Дәстүр. - 2018. - № 4. - Б. 16.

Байтенова, Қаламқас. Байтұрсыновтың әдістемесі / Қ. Байтенова // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 15 ақпан (№ 31). - Б. 9.

Батырханқызы, Динара. Ұлт ұстазы / Д. Батырханқызы // Мәлдiр бұлақ. - 2022. - № 3. - Б. 16-17

Бөлеев, Қалдыбек. Қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері / Қ. Бөлеев // Ұлттық тәрбие. - 2016. - №2. - Б. 40-45.

Дiлдебаева, Ж. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» оқулығының зерттелуі / Ж. Дiлдебаева // Ұлт болмысы. - 2016. - №12. - Б. 24-28 : фот.

Екпiн, Мейрам. Ұлт ұстазының ұлы жолы / С. А. Кажикенова // DIDAR. - 2022. - 4 тамыз (№90). - Б. 14.

Есенәлі, Байғали. Ахаң менің шығармашылық өмірімдегі үлкен белесім / Б. Есенәлі // Қазақ әдебиеті. - 2022. - 11 наурыз (№10). - Б. 13. : цв. ил.

Есенжол, Азамат. Ахаңның мерейтойы өткен ғимарат / А. Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 31 қаңтар (№20). - Б. 12. : ил.

Женісұлы, Есей. «Бiтпеген жүрегімде бар бiр жарам» / Е. Женісұлы, М. Ахметова // Ұлан. - 2010. - 19 қазан (№ 42). - С. 1;8-9.: рис. - («Ұланның» жаңа жобасы)

Жұмагелдіқызы, Алмагүл. Ұлттың ұлы тұлғасы / А. Жұмагелдіқызы // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2018. - №2. - Б. 35-42.

Имаханбет, Райхан. Ахмет Байтұрсынұлы / Р. Имаханбет // Айгөлек. - 2013. - № 1. - Б. 4-5 : портр.

Кажикенова, С. А. Ұлт ұстазының ұлы ойларын бүгінгі ұрпаққа жеткізу - ұлы міндет / С. А. Кажикенова // Ұлағат. - 2022. - №2. - Б. 36-39.

Койгелдиев, Мәмбет. Ахмет Байтұрсынұлының отбасы мен туыстарын қудалау ісі / Р. Арынұлы // Жас Алаш. - 2018. - 28 маусым (№ 50). - Б. 5.

Малдыбай, А. Д. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы / А. Д. Малдыбай // Алдаспан. - 2020. - №10-13. - Б. 9.

Мәшһүр-Жүсіп, Қуандық. Міржақып пен Ахмет / Қ. Мәшһүр-Жүсіп // Абай. - 2009. - № 4. - С. 69-76.

Омаркулова, А. Қазақ халқының рухани көсемі: сценарий / А. Омаркулова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - №1. - Б. 33-35.

Онбасиева, Шұғыла. Ахмет тағылымы / Ш. Онбасиева // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2013. - №4. - Б. 104-109.

Оспанұлы, Серікбай. Ахмет ата : өлең / С. Оспанұлы // Baldyrg'an. - 2022. - № 3. - Б. 10

Салқынбай, А. Ұлт ұстазы және әлемдік тіл білімі / А. Салқынбай // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 28 ақпан (№ 40). - Б. 10. : портр.

Салқынбек, Д. Ұлт мүддесін жоқтаушы / Д. Салқынбек. // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2012. - №1. - Б. 3-8.

Саулембекова, Майраш. Қазақ елін басқарудағы жаңа жүйеге А. Айтұрсыновтың ұстанымы / М. Саулембекова // Ақиқат. - 2010. - № 7. - С. 117 - 119.

Төлегенова, Л. Ө. Ахмет Байтұрсынұлы және терминология мәселелері / Л. Ө. Төлегенова // Ұлағат. - 2022. - №2. - Б. 26-35.

Тұрысбек, Рақымжан. Елдік ұстаным және А. Байтұрсынұлы мұрасы / Р. Тұрысбек // Ұлағат. - 2022. - №2. - Б. 12-35.

Тұрысбек, Рақымжан. Елдік ұстаным және А. Байтұрсынұлы мұрасы / Р. Тұрысбек // Ұлағат. - 2022. - №2. - Б. 12-35.

Үмбетәлиев, Әнуар. Ұстаз үйі / Ә. Үмбетәлиев // Қазақ әдебиеті. - 2022. - 11 ақпан (№6). - Б. 13. : ил.

XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің балалық шағы туралы. Ақын, реформатор, ұстаз, қайраткер Ахмет Байтұрсыновтың балалық шағы жайлы.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ:

Кітаптары:



Байтұрсынов, Ахмет. Қазағым, елім: өлеңдер / А. Байтұрсынов. - Астана, 2002. - 96 б.

Байтұрсынұлы, Ахмет. Бес томдық шығармалар жинағы: өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. 1-т. / А. Байтұрсынов. - Алматы, 2003. - 408 б.: портр.

Байтұрсынов, Ахмет. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов; ред. Ә. Пірманов. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б. - (Атамұра кітапханасы).

Байтұрсынов, Ахмет. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. / А. Байтұрсынов; ред. С. Сәкенов; алғы сөз авт. А. Ісімақова. - Алматы: Жібек жолы, 2002. - 208 Б.: портр.

Байтұрсынұлы, Ахмет. Шығармалары: өлеңдер, мысалдар, мақалалар, зерттеулер, Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік / А. Байтұрсынұлы; соңғы сөз авт. С. Кәкішев. - Алматы: Өлке, 2013. - 240 б. - (Жасөспірімдер кітапханасы).

Байтұрсынов, Ахмет. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / А. Байтұрсынов; ред. М. Неталиев; Қазақ ССР ғылым академиясы. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.

Мерзімді басылымдар мен жинақтардағы мақалалары:




Байтұрсынов, Ахмет. Айна мен маймыл: мысал / А. Байтұрсынов // Бала би. - 2010. - № 8. - С. 19.

Байтұрсынов, Ахмет. Айқап және «қазақ өкпесі» / А. Байтұрсынов // Қазақ әдебиеті. - 2011. - 14-20 қаңтар (№1-2). - Б. 1;6.

Байтұрсынов, Ахмет. Мысалдар-атадан қалған ғибрат / А. Байтұрсынов // Мәдениет. - 2022. - №5. - Б. 23-27.: портр.


Байтұрсынов, А. Қазақша оқу жайынан / А. Байтұрсынов // Абай. - 2014. - №3. - Б. 64-68.




**«Қазақ зиялыларының көсемі» [Мәтін]:
әдебиеттердің ұсыныс тізімі / құраст.: Ж. Н. Буханова.
– Өскемен: ОБЖК, 2022. – 9 б.**

Әдебиеттер ұсыныс тізімінде Ахмет Байтұрсыновтың қысқаша өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, кітапхана қорындағы шығармалары мен мерзімді басылым бетінде жарияланған мақалалар тізімі ұсынылған.





Мекен-жайымыз:
Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс
Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ
Байланыс телефоны: 8(7232)75-44-36
E-mail: childrenlibrary@mail.ru
<http://www.vkolibrary.kz>.



**Құрастырған және
компьютерде өңдеген: Ж.Н.Буханова**
*Ақпараттық-библиографиялық орталық
жетекшісі*

Жауапты: К.Б.Мукашева
Кітапхана директоры

Тексерген: Р.С.Ибраймова
Кітапхана әдіскері